

«Назарбаев Университеті»  
дербес білім беру ұйымы  
Атқарушы кеңесінің  
2012 жылғы 5 маусымдағы  
№ 6.2.1 шешімімен  
бекітілген

**СЕНІМСІЗ ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІҢ (ӨНІМ  
БЕРУШІЛЕРДІҢ) ТІЗБЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ  
ҚАҒИДАСЫ**

*(2013.10.22. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)*

**Астана**

*Же*

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің 2011 жылғы 10 желтоқсандағы № 3 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесіне (бұдан әрі – Сатып алу ережесі) сәйкес әзірленген.

2. Қағида қордың ұйымдық құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі - «Назарбаев Университеті») мен оның ұйымдары жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу саласында Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастыру және жүргізу тәртібін белгілейді.

Тізбені жүргізу мақсаты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде қолайлы бәсекелі ортаны құру үшін Тізбенің құрамындағы сенімсіз әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдары өткізетін сатып алуларға қатысуын уақытша шектеу болып табылады.

3. Тізбені сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті орган Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысанда электрондық түрде жасайды және жүргізеді.

*4-тармаққа Басқарушы кеңестің 2013 жылғы 22 қазандағы № 22.10.13 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. кара)*

4. Тізбеге әлеуетті өнім берушілерді (өнім берушілерді) енгізу шешімдері, Тізбеге енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар «Назарбаев Университеті» Басқарушы кеңесінің хаттамасымен ресімделеді.

5. Қағидада Сатып алу ережесінде көзделген ұғымдар пайдаланылады.

## 2. Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру және жүргізу тәртібі

6. Тізбені сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті орган тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға бастамашылық еткен тапсырыс берушіден/құрылымдық бөлімшеден ақпараттың келіп түсуіне қарай Сатып алу ережесімен көзделген жағдайларда қалыптастырады.

7. Әлеуетті өнім беруші (өнім беруші):

1) тендерлік құжаттамада көзделген талаптар бойынша тендердің нәтижесіне ықпалын тигізетін күмәнді ақпаратты берген;

2) сатып алудың жеңімпазы болып танылған жағдайда сатып алулар туралы шарт жасаудан бас тартқан;

*3) тармақшаға Атқарушы кеңестің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 12.2.1. шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. кара)*

3) сатып алу туралы шартты жасаған соң тендердің жеңімпазы сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және/немесе енгізу мерзімі және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету (егер сатып алу шарттарымен осындай

және/немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қабылдаудың тиісті рәсіміне қатысқан басқа да тұлғалардан қосымша ақпарат пен түсініктемені сұратуға құқылы.

*11-тармаққа Басқарушы кеңестің 2013 жылғы 22 қазандағы № 22.10.13 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізінді (ескі ред. кара)*

11. Сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бастамашылық еткен тапсырыс берушіден/құрылымдық бөлімшеден ақпаратты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде «Назарбаев Университеті» Басқарушы кеңесінің қарауына әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану және оны Тізбеге енгізу туралы мәселені енгізеді.

Ереженің осы тармағымен белгіленген мерзім тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бастамашылық еткен тапсырыс берушіден/құрылымдық бөлімшеден, әлеуетті өнім берушіден (өнім берушіден) және сатып алудың және/немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қабылдаудың тиісті рәсіміне қатысқан басқа да тұлғалардан қосымша ақпарат пен түсініктеме алынған жағдайда сол мерзімге ұзартылады.

*12- тармаққа Атқарушы кеңестің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 12.2.1. шешіміне сәйкес өзгерістер енгізінді (ескі ред. кара)*

*12-тармаққа Басқарушы кеңестің 2013 жылғы 22 қазандағы № 22.10.13 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізінді (ескі ред. кара)*

12. «Назарбаев Университеті» Басқарушы кеңесі әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану және оны Тізбеге енгізу туралы, Тізбедегі өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы шешімді қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы ақпаратты «Назарбаев Университеті» интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

13. Сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) Тізбеден:

оны кіргізген күнінен бастап 1 (бір) жыл өткен соң;

заңды күшіне енген Тізбеден шығару туралы сот шешіміне сәйкес автоматты түрде шығарады.

### **3. Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін орналастыру**

14. Тізбе, оған енгізілетін өзгерістер/толықтырулар «Назарбаев Университеті» интернет-ресурсында орналастырылады.

15. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану және оны Тізбеге енгізу туралы шешімге әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Сенімсіз әлеуетті өнім  
берушілердің (өнім  
берушілердің) тізбесін жасау  
және жүргізу қағидасына  
1-қосымша

Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінің нысаны  
Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесі

Тізбеге жазылған және енгізілген нөмірі	Тізбеге енгізілген күні	Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) және оның орналасқан жері/тұратын жері туралы ақпарат			Енгізу үшін негіздеме	Тізбеден шығарылған күні
		Әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) пошталық және занды мекенжайы	СТН (ЖСН)/БСН	Занды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы		

**Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін жасау және жүргізу қағидасына 2-қосымша**

**Сенімсіз әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) туралы ақпарат**  
**Сенімсіз әлеуетті өнім беруші (өнім беруші) туралы ақпарат\***

№ р/р	Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) және оның орналасқан жері/тұрағын жері туралы туралы ақпарат				Шарт туралы мәліметтер		Тізбеге енгізу үшін негіздемелер**	Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылатын күн
	Занды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы	Әлеуетті өнім берушінің (өнім берушінің) пошталық және заңды мекенжайы	СТН (ЖСН)/ БСН	Құжаттардың деректемелері, сатып алудың өткізілген, сатып алудың қорытындысын жасау күні	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің толық атауы	Тауарлардың жеткізу/жұмыстардың орындау/қызметтердің көрсету мерзімі		

Тапсырыс берушінің/тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға бастамашылық ететін құрылымдық бөлімшенің бірінші басшысының тегі, аты және әкесінің аты, қолы.  
 Жауапты орындаушының тегі, аты және әкесінің аты, лауазымы және қолы, байланыс телефоны.

**Ескерту:**

\* Кестенің пішінін өзгертуге жол берілмейді.

\*\* Осы Ереженің 7-тармағының тиісті тармақшасы көрсетілді.